

Бюджеттік борыштар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 шілдедегі N 1075

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің емдеу мекемелерін осы заманғы флюорографиялық жабдықпен қамтамасыз ету, сондай-ақ Медетші банкінің санациялау берілген "Актюбрентген" акционерлік қоғамының республикалық бюджет алдындағы жинақталған берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Медетші банкі мен "Актюбрентген" акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен қосымшаға сәйкес келісілген көлем мен бағада Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджетке төлемдер бойынша жалпы сомасы 38623 мың (отыз сегіз миллион алты жүз жиырма үш мың) теңге, оның ішінде қосылған құнға салынатын салық бойынша 32711 мың (отыз екі миллион жеті жүз он бір мың) теңге және экономиканы қайта құру қорына 5912 мың (бес миллион тоғыз жүз он екі мың) теңге жинақталған берешегін өтеу есебіне емдеу мекемелеріне флюорографиялық жабдық беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі флюорография жабдығының берілуіне қарай аталған соманы 1997 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігін қаржыландыру есебіне "Актюбрентген" акционерлік қоғамының республикалық бюджетке төлемдері бойынша есептеу жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау

комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп "Актюбрентген" акционерлік қоғамы беретін флюорографиялық жабдықтың толықтығы мен сапасына, сондай-ақ бекітілген бағалардың сақталуына бақылауды жүзеге асырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 8 шілдедегі

N 1075 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің емдеу мекемелеріне республикалық
бюджет алдындағы берешектерін өтеу есебінен
"Актюбрентген" акционерлік қоғамынан әкелінетін
флюорографиялық жабдықтарды бөлу
мың теңге

Облыс атаулары	Денталдық аппараттары	Стац.флюор. аппараттар	Палат. 	Автомоб.
	5-Д2	12Ф7	12ПС	КРФ111 ЗИЛ
	бағасы-92,2	бағасы-1800	бағасы-444,96	бағасы-3375
	саны	сомасы	саны	сомасы

Барлығы	13	1199	7	12600	34	15129	2	6750
Алматы	0		0	3	1335	0		
Ақмола	1	92	0	2	890	0		
Ақтөбе	0		0	1	445	0		
Атырау	0		0	1	445	0		
Жамбыл	0		0	1	445	0		
Қарағанды	1	92	2	3600	3	1335	0	
Қызылорда	1	92	1	1800	1	445	1	3375
Қостанай	2	184	0	2	890	0		
Маңғыстау	1	92	0	1	445	0		
Павлодар	1	92	0	2	890	0		
Солтүстік Қазақстан	1	92	1	1800	3	1335	0	
Батыс Қазақстан	1	92	0	1	445	0		
Шығыс қазақстан	2	184	2	3600	3	1335	1	3375
Оңтүстік Қазақстан	1	92	0	2	890	0		
Алматы	1	92	0	2	890	0		
Респ. ҒЗИ мекемелері	0		0	2	890	0		
Респ. ҰОА госпиталі	0		0	2	890	0		
Респуб.поликлиника	0		1	1800	2	890	0	

Облыс атаулары	Кептіру аппараттары						Барлық сомасы
	ССША-20		ССША-40		ССША-80		
	бағасы-28,8		бағасы-31,86		бағасы-37,5		
	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	

Барлығы	31	893	35	1115	25	938	38623
Алматы	2	58	3	96	2	75	1563
Ақмола	1	29	1	32	1	38	1080
Ақтөбе	1	29	1	32	1	38	543
Атырау	1	29	1	32	1	38	543
Жамбыл	1	29	1	32	1	38	543
Қарағанды	3	86	4	127	2	75	5316
Қызылорда	2	58	2	64	1	38	5871
Қостанай	2	58	2	64	2	75	1271
Маңғыстау	1	29	1	32	1	38	635
Павлодар	2	58	2	64	1	38	1141
Солтүстік Қазақстан	2	58	2	64	2	75	3423
Батыс Қазақстан	1	29	1	32	1	38	635
Шығыс қазақстан	5	144	5	159	4	150	8948
Оңтүстік Қазақстан	2	58	2	64	1	38	1141
Алматы	2	58	2	64	1	38	1141
Респ. ҒЗИ мекемелері	2	58	3	96	2	75	1118
Респ. ҰОА госпиталі	1	29	2	64	1	38	1020
Респуб.поликлиника		0		0		0	2690